

**ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ**  
**«БВ01516 - География-тарих»**  
**БАКАЛАВРИАТ ДЕҢГЕЙІ**

<i>Пән циклі</i>	<i>Пән атаулары және негізгі бөлімдері</i>	<i>Оқу көлемі (ECTS)</i>
<b>ЖББП 1</b>	<b>ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ПӘНДЕР ЦИКЛЫ (ЭПК)</b>	<b>5</b>
1.	<p style="text-align: center;"><b>Экономика және бизнес негіздері</b></p> <p>Қоғамдық өндіріс. Капиталдың мәні, формалары, құрылымы. Өндіріс шығындары. Нарықтық экономикадағы өндіріс кірістері. Бизнес түсінігі. Кәсіпкерлік қызмет түрлері. Меншік теориясы, шаруашылық жүргізудің қоғамдық формалары. Тауар, ақша. Қоғамдық экономикалық жүйе. Нарықтың пайда болуы. Қаржы жүйесі. Бизнесі дамытудағы мемлекеттің рөлі. Макроэкономика. Ресурс үнемдеу. Экономикалық дамудың циклілігі. Инфляция және жұмыссыздық. Қазақстан елімізді әлемдік шаруашылық байланыстар жүйесінде</p>	<b>5</b>
2.	<p style="text-align: center;"><b>Құқық және жемқорлыққа қарсы мәдениеттің негіздері</b></p> <p>Конституцияның, ҚР қолданыстағы заңнамасының негізгі ережелері; мемлекеттік басқару органдарының жүйесі, экономиканы мемлекеттік реттеудің өкілеттілік шеңбері, мақсаттары, әдістері, экономикадағы мемлекеттік сектордың рөлі; қаржылық құқық және қаржы; материалдық және іс жүргізу құқығының өзара іс-қимыл тетігі; сыбайлас жемқорлықтың мәні, оның шығу себептері; сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін моральдық-адамгершілік, құқықтық жауапкершілік шаралары; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қолданыстағы заңнама</p>	
3.	<p style="text-align: center;"><b>Адамның тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі</b></p> <p>Өмір тіршілігінің қауіпсіздігі, оның негізгі ережелері. Қауіптер, Төтенше жағдайлар. Тәуекелді талдау, тәуекелдерді басқару. Адам қауіпсіздігі жүйелері. Қазіргі заманғы тұрақсыздандыру факторлары. Әлеуметтік қауіптер, олардан қорғау: рухани саладағы, саясаттағы қауіптер, олардан қорғау: экономикалық саладағы қауіптер, тұрмыстағы, күнделікті өмірдегі қауіптер. Тіршілік әрекетінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және олардың қызметін құқықтық реттеу органдарының жүйесі</p>	
4.	<p style="text-align: center;"><b>Экология және тұрақты даму</b></p> <p>Тірі организмдердің, түрлі деңгейде ұйымдасқан эокүйелердің, бүтін биосфераның негізгі тіршілік ету заңдылықтары, олардың тұрақтылығы; биосфера компоненттерінің қатынасы және табиғат пайдаланудың қарқындылығы салдарынан адам шаруашылық іс әрекетінің экологиялық зардаптары; ҚР және дүние жүзі бойынша тұрақты дамуға ккшу тұжырымдамасы, стратегиялар мен міндеттер; экологиялық проблемалар, қоршаған ортаны қорғау, тұрақты даму</p>	
<b>БП 2</b>	<b>БАЗАЛЫҚ ПӘНДЕР ЦИКЛЫ (ЭПК)</b>	<b>56</b>
1.	<p style="text-align: center;"><b>Білім берудегі менеджмент және электронды құжаттандыру</b></p> <p>Педагогикалық менеджменттің ғылыми-әдіснамалық негіздері. Мектепшілік басқару. Мектептегі менеджменттің заңдылықтары мен принциптері. Педагогикалық менеджменттің функциялары мен әдістері. Басқарудағы ақпараттық технологиялар. Басшылық стилі. Басқару қызметінің этикасы мен мәдениеті. Маркетинг. Білім беру ұйымының бәсекеге қабілеттілігі. Сабақ жүргізуді есепке алудың электрондық журналы, сабақтарды автоматты түрде бөлу, толтырылған құжаттар мен есептер оқытушылар мен оқушылардың қатысуын бақылау.</p>	<b>5</b>
2.	<p style="text-align: center;"><b>Инклюзивті білім беру</b></p> <p>Әлеуметтік және білім беру саясатындағы инклюзивті білім берудің рөлі.</p>	<b>5</b>

	Инклюзивті білім берудің нормативтік-құқықтық қамтамасыз етілуі, модельдері, формалары, түрлері. Инклюзивті білім беру жағдайында мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық мәселелері. Даму мүмкіндігі шектеулі балалармен және олардың отбасыларымен жұмыс жасаудың психологиялық-педагогикалық технологиялары. Инклюзивті білім беру ұйымдарында педагогтармен және психологтармен өзара іс-қимыл жасау	
3.	<b>Педагогикалық өлшемдер</b> Оқыту нәтижелерін бағалаудың заманауи құралдары. Бағалаудағы проблемалар. Критериалды бағалау технологиясының моделі. Бағалау принциптері. Бағалау кезеңдері мен құралдары. Критериалды кестелер-рубрикаторлар. Формативті бағалау және жиынтық (ішкі және сыртқы) бағалау. Жиынтық бағалау нәтижелерін модерациялау. Білім беру нәтижелерін бағалаудың жас ерекшеліктері.Өзін-өзі бағалау және бірігіп бағалау. Портфолионың педагогикалық міндеттері. Портфолионың функциялары мен құрамы.	5
4. 4/1	<b>Жаратылыстану</b> Жаратылыстану ғылыми білімнің пәнаралық саласы ретінде. Ғылыми таным әдістерінің жіктелуі. Бақылау, эксперимент, өлшеу, абстрагирлеу, идеализация, формализация, талдау және синтез, аналогия және модельдеу. Жаратылыстанудың тарихы. Өмірдің пайда болуы және эволюциясы. Жаратылыстанудың ғылыми негіздері. Интеграцияланған курстың мазмұны (физика, химия, биология, география, астрономия). Интеграциялау және пәнаралық байланыс. Жаратылыстану ғылымдарына заманауи көзқарастар. Жер табиғатын танудағы жаратылыстану ғылымдарының мәні мен маңызы. Әлемнің жаратылыстанудың ғылыми іргелі тұжырымдамасы. Объект тұтастығының тұжырымдамасы. Дәл өлшеу тұжырымдамасы. Табиғаттағы кеңістіктік-уақыттық қатынастар бірлігінің тұжырымдамасы. Күрделі табиғи жүйелердің өзін-өзі ұйымдастыру тұжырымдамасы. Объекттің жай-күйін моделдеудің заманауи тұжырымдамалары.	4
4/2	<b>Басқарудың географиялық негіздері және тұрақты даму</b> <i>Табиғи жағдайлардың даму факторы. Табиғи ресурстарды экономикалық бағалау және жер кадастры; геоэкологиялық жағдай және экосаясат. Ресурстарды пайдалану және аймақты аумақтық басқару. Постиндустриялық әлемнің және үлкен қалалардың экологиялық мәселелері; Геодемография және орналасу. Геоурбанистика, әлемдік қалалар әлемдік экономиканы басқару орталығы ретінде; Этногеография және тарихи география. Мәдениет географиясы және әлемдік өркениеттер; Геосаясат: теория, әдістер, тәжірибе. Қазақстанның қазіргі геосаяси және экономикалық-географиялық жағдайының ерекшеліктері; Геоконфликтология білім саласы ретінде. Этносаяси қақтығыстардың мәселелері және олардың теріс әсері; қоғамның өндіргіш күштерін аумақтық ұйымдастыру. Аудандық жоспарлау және экономикалық-географиялық аудандастыру; Геоэкономика және әлемдік экономиканың жаһандануы. Әлем елдері экономикасы мен сыртқы экономикалық байланыстар дамуының негізгі модельдеріне қысқаша шолу; Әлемдік шаруашылық жүйесіндегі инновациялық кешендерді жіктеу және аймақтандыру мәселелері. Ашық экономика және еркін экономикалық аймақтар; Геоглобалистика және жаһандық даму мәселелері. Жаһандық орталық, жартылай сферия және периферия. Әлемдік өркениеттер дамуының қазіргі кезеңдегі жаһандық мәселелері; басқарудың географиялық негіздері және қазіргі әлемнің тұрақты дамуының тұжырымдамасы. Басқарудың аймақтық ерекшеліктері және тұрақты өңірлік даму.</i>	
5. 5/1	<b>Жалпы жертану</b> Ғаламдағы Жер: пішіні, өлшемі, Жердің қозғалысы және олардың географиялық салдары. Жердің ішкі құрылымы және шығу тегі. Жер бедері. Жер бедерінің қалыптасуының жалпы заңдылықтары. Жылу мен ылғалдың қайта бөлу процестеріне рельефтің әсері. Атмосфера, оның құрамы және құрылысы. Күн радиациясы; радиациялық және жылу балансы. Жердің жылу режимі. Атмосферадағы су. Атмосфераның қысымы, жел және олардың сипаттамасы.	3

	<p>Атмосфераның жалпы айналымы. Ауа райы туралы түсінік. Жердің климаты.</p> <p>Гидросфера. Әлемдік мұхит және оның құрамдас бөліктері. Мұхит суының қасиеттері. Су айналымы және мұхиттағы су қозғалысының басқа түрлері. "Мұхит-атмосфера" бірыңғай жүйесі. Құрлық сулары</p> <p>Биосфера және оның шекарасы. Атмосфераның, литосфераның және гидросфераның дамуындағы тірі заттың рөлі. Заттар мен энергияның биологиялық айналымы.</p> <p>Географиялық қабық, оның шекарасы, құрылысы, сапалы өзіндік ерекшелігі, дамудың негізгі кезеңдері. Географиялық қабықтың заңдылықтары. Ландшафт туралы түсінік. Географиялық орта және қоғам. ҒТР дәуіріндегі адамзаттың экологиялық мәселелері. Ноосфера туралы түсінік.</p>	
5/2	<p style="text-align: center;"><b>Физикалық географияға кіріспе</b></p> <p><i>Географиялық қабықтың физикалық-географиялық дифференциациясының негізгі заңдары. Ландшафттың қасиеті, оның құрылымы және морфологиялық құрылысы. Ландшафттардың дамуы мен қызмет етуінің табиғи және антропогендік факторлары. Физикалық-географиялық аумақтың сипаттамасы: табиғи-аумақтық кешендер; табиғатты қорғау және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану: қоршаған орта, рельеф, физикалық географиялық қатынастағы геологиялық даму сатысы, табиғатты қорғау мәселелері. Климат, гидросфера, литосфера, атмосфера, биосфераның өзара байланысы.</i></p>	
6. 6/1	<p style="text-align: center;"><b>Ежелгі дүние тарихы</b></p> <p>Ежелгі тарихты кезеңге бөлудің нұсқалары. Адамзаттың алғашқы дәуірі. Тас ғасыры. Қола ғасыры. Темір ғасыры. Палеолит. Мезолит. Неолит. Неолит революциясы. Дүние жүзі тарихындағы Ежелгі Шығыс тарихының орны. "Шығыс" ұғымының пайда болуы және эволюциясы. Шығыстанушылық зерттеулердің өзектілігі. Ежелгі Шығыс тарихының деректік базасының мәселелері. Құлдық. Ежелгі мемлекеттердің гүлдену дәуірі. Кейінгі ежелгі дәуір.</p> <p>Антикалық мемлекеттердің тарихы. Деректер және тарихнама. Антикалық Греция (III мыңжылд.-30 ж. б. э. дейін). Ежелгі Рим (б. з. д. VIII ғ. –б. з. V ғ.). Құлұстаушылық. Құлшылық шаруашылықтарының түрлері (виллалар, латифундиялар). Ерте Рим және Италия. Империя кезеңі. Рим Жерорта теңізі державасын құру. Батыс Рим империясының құлдырауы. Христиан империясының таралу процесі және еуропалық варварлардың тұрақты басып кіруі (Солтүстік Африкадан готтар, вестготтар, вандалдар). Халықтардың ұлы қоныс аударуы.</p>	3
6/2	<p style="text-align: center;"><b>Азияның ежелгі және орта ғасырлардағы тарихы</b></p> <p><i>Дүние жүзі тарихындағы Ежелгі Шығыс тарихының орны. "Шығыс" ұғымының пайда болуы және эволюциясы. Шығыстанушылық зерттеулердің өзектілігі. Ежелгі Шығыс тарихының деректік базасының мәселелері. Ежелгі Месопотамия. Ежелгі Египет. Ежелгі Сирия, Финикия және Палестина. Ежелгі Оңтүстік Азия. Ежелгі Қытай. Үндістан III-X ғғ. ислам мен жалпыарабтық мемлекеттің пайда болуы. Ортағасырлық Шығыс дүние жүзі тарихын типологияландыру және кезеңдеу мәселелері контекстінде. Шыңғысхан империясының құрылуы және оның ыдырауы. Үндістан XI-XVII ғғ. Түркия XI-XII ғғ. Жапония бірлестігі. Қытай XVI-XVII ғғ.</i></p>	
7. 7/1	<p style="text-align: center;"><b>Қазақстан табиғатының географиясы</b></p> <p>Курстың негізгі мазмұны Қазақстанның географиялық орналасуын, геологиялық және тектоникалық құрылымын, жер бедерінің ерекшеліктерін, климат және климат құрушы үрдістерді, ішкі сулардың қалыптасуы мен таралуының ерекшеліктерін, топырақ-өсімдік жамылғыларын, жануарлар әлемі мен табиғи аймақтарды ескере отырып, Қазақстан аумағын 9 физикалық-географиялық ауданға бөлу. Аудандастыру принциптері. Жоғарыда көрсетілген аумақ негізінде оның аумағы мынадай аудандарға бөлінеді: Шығыс-Еуропа жазығы, Мұғалжар тауы, Солтүстік-қазақ жазығы, Тұран жазығы, Сарыарқа, Алтай таулы аймағы, Сауыр-Тарбағатай таулы аймағы, Жетісу Алатауы, Тянь-Шань таулы аймағы, Аудандар өз кезегінде</p>	3

	облыс, аймақ, провинция, ішкі провинция, өлке, аудан, жер, шатқал, фация сияқты таксономиялық бірліктерге бөлінеді. Қазақстан табиғатының ерекшеліктерімен толық танысу үшін ол ішкі провинция деңгейіне дейін зерттеледі. Мысалы, Шығыс Еуропа жазығының зерттеу тарихы, геология, рельеф, климат, ішкі су, топырақ, өсімдіктер, жануарлар әлемі, табиғи аймақтар.	
7/2	<p align="center"><b>Қазақстанның экожүйелерінің географиясы</b></p> <p><i>Қазақстанның экожүйелерінің географиясы курсына кіріспе, курстың мақсаты мен міндеттері, геоэкологиялық ұғымдарды Тарихи қалыптастыру, Қазақстанның Қоршаған орта және қоршаған ортасының жағдайы, қоршаған ортадағы географиялық және экологиялық процестер. Қазақстанның өнеркәсіптік және ауылшаруашылық өндірісінің қоршаған ортаға әсері. Табиғат пен қоғамның өзара іс-қимылының аймақтық мәселелері. Жасыл экономиканы дамыту мәселелері.</i></p>	
8.8/1	<p align="center"><b>Дүние жүзінің физикалық-географиялық аймақтары</b></p> <p>Физикалық-географиялық аймақтар. Материктер және әлемнің ірі аймақтары туралы түсінік. Материктерді ірі табиғи өңірлерге саралау. Аймақтар табиғатына тән белгілері. Табиғатты қорғау және олардың шегінде табиғатты ұтымды пайдалану. Жаһандық экологиялық проблемалардың аймақтық аспектілері.</p> <p>Дүние жүзі аймақтарының физикалық географиялық сипаттамасы. Солтүстік жарты шардағы аймақтарға шолу: Арктика. Еуропа. Солтүстік Америка. Азия аймағы: оңтүстік-батыс, оңтүстік, оңтүстік-шығыс, орталық және шығыс. Оңтүстік жарты шардағы табиғаттың физикалық географиялық ерекшеліктері: Анд таулары, Аустралия және мұхиттық аралдар. Африка құрлығына шолуы: Солтүстік, Батыс, Орталық, Шығыс және Оңтүстік африка аймақтары. Аралдардың генезисі: Меланезия, Микронезия, Полинезия және Жаңа Гвинея. Антарктида табиғатының ерекшеліктері.</p>	<b>4</b>
8/2	<p align="center"><b>Материктер мен мұхиттардың физикалық географиясы</b></p> <p>Материктер мен мұхиттар ірі табиғи-аумақтық кешендер, олардың қалыптасуы мен дамуының географиялық заңдылықтары, кешенді сипаттау принциптері. Материктер мен мұхиттарды физикалық географиялық тұрғыдан аудандастыру принциптері.</p> <p>Солтүстік және Оңтүстік құрлықтардың ұқсастығы мен айырмашылықтары. Солтүстік және Оңтүстік материктердің аймақтық-географиялық сипаттамасы. Табиғатты қалыптастырудың негізгі кезеңдері. Жер бедерінің құрылымы. Климат. Су. Органикалық дүние. Табиғи ресурстар.</p> <p>Дүние жүзілік мұхит және оның бөліктері. Мұхиттар мен теңіздер ірі табиғи-аумақтық кешендер ретінде; олардың қалыптасуы мен дамуының географиялық заңдылықтары, кешенді сипаттама берудің принциптері. Мұхиттарды физикалық-географиялық аудандастыру принциптері. Мұхиттардың аймақтық-географиялық сипаттамасы. Мұхит табаны рельефінің негізгі белгілері. Климат. Судың физикалық-химиялық қасиеттері. Су массаларының динамикасы. Аралдар. Табиғи ресурстар. Геоэкологиялық мәселелер.</p>	
9.9/1	<p align="center"><b>Орта ғасыр тарихы (Батыс)</b></p> <p>"Орта ғасыр" ұғымы. Деректер және тарихнама. Еуропалық өркениеттің қалыптасуы. Ерте орта ғасыр( V -X ғғ.), классикалық орта ғасыр( XI-XV ғғ.), кейінгі Орта ғасыр (XVI-XVII ғғ. басы).</p> <p>Еуропаны Христиандандыру. Шығыс империясы VI – VIII ғғ. Батыс Еуропа VI-VIII ғғ. Каролингтер жанындағы Франк мемлекеті IX-XII ғғ. крест жорықтары. Франция, Англия, Германия, Италия IX-XV ғасырларда. X-XV ғасырлардағы Оңтүстік-Шығыс мемлекеттер. Ұлы географиялық ашылулар және отарлық жүйенің пайда болуы. Германия, Швейцария, Нидерланды, Англия, Италия, Франция, Испания, Австрия XVII ғасырдың бірінші жартысында. Халықаралық қатынастар XVI - XVII ғасырдың бірінші жартысында.</p>	<b>4</b>

9/2	<p style="text-align: center;"><b>Тарих пәнін оқытудағы ақпараттық технологиялар</b></p> <p>Тарих ғылымында ақпараттық технологияларды пайдалану тарихы. Компьютерлік тарихи ресурстарды қалыптастыру, жіктеу, типке бөлу және мазмұнының ерекшеліктері. Желілік ақпараттық ресурстар, ақпараттық ресурстар. Анықтамалық-ақпараттық ресурстар, библиографиялық ресурстар. Тарихи деректер және интернет. Тарихи Web-сайттар.</p> <p>Ақпараттық технологиялар Дәстүрлі және инновациялық білім беру әдістері мен оқыту формаларын жүзеге асырудың негізі ретінде. Компьютерлік телекоммуникацияның дидактикалық қасиеттері мен функциялары. Ақпараттық технологияларды пайдалана отырып оқу процесін ұйымдастыру. Электронды түрде мәтіндік ақпаратты ұсыну ерекшеліктері. PowerPoint құралдарымен таныстыруды ұйымдастырудың заманауи тәсілдері. Электронды оқулықты қолдану. Электрондық ақпаратты қабылдау ерекшелігі. Тарихты оқытудағы Мультимедиа.</p> <p>Оқушылардың танымдық әрекетін белсендірудегі ақпараттық және коммуникациялық технологиялар. Оқушылардың оқу жетістіктерін бақылау, бағалау және мониторинг жүйесін іске асырудағы ақпараттық және коммуникациялық технологиялар.</p>	
10. 10/1	<p style="text-align: center;"><b>Елтану және саяси география</b></p> <p>Дүние жүзінің қазіргі саяси картасын қалыптастырудың негізгі кезеңдері. Мемлекеттік құрылым: басқару формалары және әкімшілік бөлу. Дүние жүзі елдерінің әртүрлілігі, елдердің топталуы және типологиясы.</p> <p>Саяси география және геосаясат. Экономикалық-географиялық және геосаяси жағдай. Халықаралық экономикалық және саяси ұйымдар мен одақтар туралы негізгі мәліметтер. Халықаралық ұйымдар және Қазақстан.</p> <p>Дүние жүзі аймақтарының саяси географиясы. Дүние жүзінің қазіргі саяси картасының өзекті мәселелері.</p> <p>Елдердің типологиясы. Еуропа, Азия, Америка, Африка және Австралия елдерінің сипаттамасы. Мемлекет және оның шекарасы. Дамыған елдер. Дамушы елдер. Дүние жүзі елдеріндегі табиғи жағдайлар және экономикасы. Елдердің жіктелу заңдылықтары.</p>	5
10/2	<p style="text-align: center;"><b>Геоэкономика және интеграциялық процестер</b></p> <p>Геоэкономиканың теориялық негіздері. Геоэкономика даму стратегиясының құрамдас бөлігі ретінде. Дүние жүзілік шаруашылықты қалыптастыру жағдайындағы геоэкономикалық кеңістік. Көп өлшемді коммуникациялық кеңістік, жердің Ұлы коммуникациялары. Дүние жүзінің геоэкономикалық атласы. Этно-геоэкономикалық кеңістіктегі экономикалық жүйе. "Үлкен кеңістіктер" геоэкономикасы. Дүние жүзілік геоэкономикалық полюстер. Дүние жүзілік шаруашылық жүйесінің геоэкономикалық қаңқасы. Технопарктер - өнеркәсіп пен капиталды ұйымдастыру нысаны ретінде. Дүниежүзілік ақпараттық магистраль. Еркін экономикалық аймақтар. Дүние жүзілік шаруашылық жүйесіндегі интеграциялық процестер. Ұлттық қауіпсіздіктің геоэкономикалық негіздері. Халықаралық, аймақтық экономикалық интеграция. Дүние жүзілік валюта жүйесі. Халықаралық бірлестіктер мен ұйымдар. Қазақстандағы халықаралық ұйымдар және интеграциялық процестер.</p>	
11. 11/1	<p style="text-align: center;"><b>Азия мен Африка елдерінің ортағасырлар тарихы</b></p> <p>Ортағасырлық Шығыстың дүние жүзі тарихын типке бөлу және кезеңдеу мәселелері контекстінде. Шығыс өркениеттері.</p> <p>Жапония III-XVII ғғ. Ислам және жалпыарабтық мемлекеттің пайда болуы (б.з. V-XV ғғ.). Шыңғысхан империясының құрылуы және оның ыдырауы. Үндістан XI-XVII ғғ. Түркия XI-XVII ғғ. Қытай XVI-XVII ғғ.</p> <p>Африкалық орта ғасыр (V-XVII вв) жалпы сипаттамасы. Орта ғасырдағы Африка халықтарының тарихы. Африканың ортағасырлық мемлекеттері: Египет, Абиссиния, Занзибар, Судан және т.б. отарлық кезең.</p>	3

11/2	<p style="text-align: center;"><b><i>Африка тарихы (ежелгі дәуірден ХХІ ғ. басына дейін)</i></b></p> <p><i>Африка тарихы бойынша археологиялық деректер. Неолиттік тарихқа дейінгі мәдениет. Ежелгі Африка. Орта ғасырдағы Африка халықтарының тарихы. Африканың ортағасырлық мемлекеттері. Отарлық кезең.</i></p> <p><i>Бірінші дүниежүзілік соғыс және оның Африка халықтарының тағдырына әсері. Африкадағы антиколониалды күрестің жаңа формалары. Африка Жылы. Деколонизация. Афро-Азия әлемінің қазіргі мәселелері.</i></p>	
12. 12/1	<p style="text-align: center;"><b>Топонимика</b></p> <p>Ғылым жүйесіндегі топонимиканың рөлі, осы саладағы ғылыми ойдың даму тарихы, ғылым принциптері мен әдістері туралы білімді қалыптастыру, топонимдерді жіктеудің қазіргі заманғы сызбаларын білу, Жердің аймақтық топонимикалық жүйелерінің ерекшеліктері туралы жалпы түсінік, топонимикалық фактілер мен құбылыстардың әртүрлілігімен танысу және олардың қазіргі әлемдегі рөлін анықтау.</p> <p>Топонимдер және топонимика туралы түсінік. Топонимиканың теориялық негіздері. Географиялық атаулардың негізгі топтары. Топонимикалық жүйелердің қалыптасу факторлары. Географиялық атауларды стандарттау. Географиялық атаулардың жиынтығы.</p>	<b>4</b>
12/2	<p style="text-align: center;"><b><i>Географиялық терминология</i></b></p> <p><i>Географиялық терминология туралы түсінік. Негізгі географиялық терминдердің сипаттамасы. Физика-географиялық ұғымдар мен терминдер. Экономикалық-географиялық терминдер және олардың анықтамалары. Қазақстан аумағындағы географиялық атаулардың шығу тегі, географиялық атаулары. Өзен-көл, таулар-жазықтар, т.б. және географиялық объектілер атауларының шығу тегі.</i></p>	
13. 13/1	<p style="text-align: center;"><b>Шығыстың жаңа тарихы</b></p> <p>Дүниежүзілік тарихтағы Шығыс елдерінің орны және кезеңдеу мәселелері. Жаңа кезеңнің басындағы Батыс және шығыс өркениеттерінің өзара іс-қимылы және оның нәтижелері. Шығыс елдерінің жаңа кезеңдегі әлеуметтік-саяси дамуының негізгі тенденциялары. Еуропадағы өнеркәсіптік төңкерістің кезіндегі Шығыс. Батыс елдерінің шығысқа сауда және өнеркәсіптік экспансиясы. Шығыс елдерінің мемлекеттік құрылымы мен әлеуметтік ұйымының типологиясы ХVІІІ ғ. соңында отарлық жүйе ХІХ – ХХ ғ. басында. Шығыс елдеріндегі әлеуметтік-саяси реформалар.</p> <p>Қытай ХVІІ-60-шы жж. - ХІХ ғ. Үндістанның Британ колониясына айналуының негізгі кезеңдері. Жапония Токугава кезеңінде. Жапония "Мэйдзи реставрациясы" кезеңінде. Осман империясы Танзимат кезеңінде. ХVІІ-ХVІІІ ғғ. Иранға дейінгі дәстүрлі қоғам. Иран Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында, реформалар жүргізуге талпыныс.</p> <p>Шығыста ұлт-азаттық қозғалыстың пайда болуы. Шығыс елдерінің қазіргі уақыттағы әлеуметтік-саяси дамуының негізгі тенденциялары. Отаршылдық және Шығыстың дәстүрлі қоғамдары. ХХ ғ. бірінші жартысындағы әлемдік тарихи үдерістегі Шығыс. Шығыс елдері екінші дүниежүзілік соғыс және соғыстан кейінгі кезеңде. Отаршылдық жүйенің ыдырауы. Жаңғырту процестері. Даму модельдері. Азиядағы социализм. Мұнай экспорттаушы елдер, постиндустриалды өркениетке көшу.</p>	<b>4</b>
13/2	<p style="text-align: center;"><b><i>Қосымша тарихи пәндер</i></b></p> <p><i>Қосалқы тарихи пәндердің құрылымы және олардың сипаттамасы. Қосалқы тарихи және негізгі пәндердің пәнаралық байланысы. Қосалқы тарихи пәндер әдістемелерін кешенді қолдану. Палеографияның пәні мен міндеттері. Хронология. Эралар және олардың түрлері. Күнтізбелік жүйелердің алуан түрлілігі. Тарихи Метрология пәні мен міндеттері. Ұзындығы, беті (ауданы), сусымалы денелер,</i></p>	

	<i>сұйықтықтар, салмақ шаралары туралы түсінік. Тарихи Географияны зерттеудің негізгі бағыттары. Ономастика лингвистиканың бір бөлігі ретінде. Тарихқа арналған кейбір ономастика бөлімдерінің маңызы. Топонимика. Этнонимика. Антропонимика. Нумизматиканың негізгі терминдері мен ұғымдары. Нумизматикалық зерттеу процесінің көп қырлылығы. Сфрагистика. Мөрлердің шығу тегі. Геральдиканың көмекші тарихи пән ретіндегі рөлі. Генеалогияның ғылым ретінде пайда болуы. Тарихи зерттеулердегі генеалогияның рөлі.</i>	
<b>ПД 3</b>	<b>КӘСІПТЕНДІРУ ПӘНДЕРІ ЦИКЛЫ(ЭПК)</b>	<b>32</b>
<b>1.</b> 1/1	<b>Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы</b>  Қазақстан әлемнің саяси картасында және олардың әлемдік шаруашылықтағы орны. Қазақстанның экономикалық-географиялық және геосаяси жағдайы Жалпы экономикалық-географиялық сипаттама. Шаруашылықтың дамуындағы жалпы үрдістер, өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы салаларының құрылымдық құрамы, олардың нарықтық мамандануы. Экономикалық-географиялық орналасуы, шекарасы. Халық және еңбек ресурстары. Өндірістік күштерді орналастыру заңдылықтары, принциптері мен факторлары. Нарықтық экономика жағдайында өндірістік күштерді орналастырудағы негізгі ілгерілеулер. Болашақ және даму. Табиғи жағдайлар, оларды экономикалық бағалау. Халық, халық саны, тілдік, ұлттық ерекшеліктері, қазіргі демографиялық процестер. Қазақстанның экономикалық аудандарының сипаттамасы. Еңбек мамандануы және географиялық бөлінуі туралы түсінік. Экономикалық аудандардың шаруашылығын кешенді дамыту және мамандандыру. Өңірлердің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі және инвестициялық тартымдылығы бойынша типологиясы. Аймақтық интеграция және дезинтеграция процестері. Аудандардың жетекші салааралық кешендері. Металлургия, машина жасау, агроөнеркәсіп кешені, көлік, тамақ өнеркәсібі. Олардың аудандар экономикасындағы маңызы, олардың құрылымдық өзгерістері және аумақтық ілгерілеулер. Аймақтық басқару мәселелері. Аймақтық деңгейді ұйымдастыру ерекшеліктері. Аймақтық басқарудың мәні мен міндеттері. ҚР-ның әлем елдерімен интеграциялық үрдістері мен халықаралық қатынастары	<b>3</b>
1/2	<b>ТМД экономикалық және әлеуметтік географиясы</b>  <i>Экономикалық, әлеуметтік аумақтық ұйымды, аумақтық ұйымдастыру заңдылықтарын, өндіріс тәсіліне және географиялық ортаның ерекшеліктеріне байланысты әлеуметтік инфрақұрылымды түсіну.</i> <i>ТМД экономикалық-географиялық жағдайы, отын-энергетикалық кешені. Өнеркәсіп географиясы, ауыл шаруашылығы. Көлік, ТМД қызмет көрсету саласы. ТМД экономикалық аудандарын мамандандыру, Солтүстік Еуропа, Оңтүстік қара топырақты аудан, Шығыс, Қиыр Шығыс Батыс Еуропа. Орталық қара топырақты аудан, аймақтың экологиялық мәселелері. Сыртқы экономикалық байланыстар</i>	
<b>2.</b> 2/1	<b>Шет елдердің экономикалық және әлеуметтік географиясы</b>  Шет елдердің экономикалық, әлеуметтік және саяси географиясының пәні мен міндеттері. ШЭӘСГ қоғамның аумақтық ұйымдастырылуын, оның заңдары мен заңдылықтарын, әлеуметтік-экономикалық құбылыстар мен процестердің аймақтық саралануын зерттейді. ШЭӘСГ зерттеудің мақсаты Аймақтық саяси карта, ірі экономиканың даму ерекшеліктері туралы білім алу болып табылады. Әлемнің шет елдерінің табиғи-ресурстық әлеуеті мен халқы. Әлем аймақтары мен ірі елдердің экономикалық-географиялық даму ерекшеліктері. Ғылыми-техникалық революция (ҒТР) және оның ұлттық (аймақтық) шаруашылыққа әсері. ҒТР қалыптасу кезеңдері, ҒТР дәуіріндегі техника және технология. Аймақтық (ұлттық) экономиканың даму кезеңдері мен циклдары. Еңбекті аймақтық географиялық бөлу және мамандандыру. Постиндустриалды даму дәуіріндегі аймақтық шаруашылықты транснационалдандыру. Өндірістік күштерді орналастыру факторлары және аймақтық саясат. Аймақтық география. Аймақтық шаруашылықтың кеңістіктік және салалық	<b>3</b>

	<p>құрылымдары. Аймақтық экономика салаларының географиясы (өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы, қызмет көрсету саласы және көлік). Халықаралық экономикалық байланыстар және әлемдік сауда құрылымы. Қазіргі заманғы әлемдік шаруашылықтың жаһандану жағдайындағы интеграциялық үдерістер. Саяси-экономикалық қатынастардың негізгі формалары және ынтымақтастық. Әлемдік саясат пен экономикадағы Қазақстанның орны.</p>	
2/2	<p align="center"><b>Экономикалық, саяси және әлеуметтік географияға кіріспе</b></p> <p><i>Экономикалық, әлеуметтік және саяси географияның (ЭӘСГ) құрылымы мен орны. ЭӘСГ -ның тарихи даму ерекшеліктері. ЭӘСГ негізгі категориялары, өтпелі және кешенді кеңістіктік бағыттары.</i></p> <p><i>Табиғи жағдайлар мен ресурстар, табиғи жағдайлар мен ресурстардың үйлесімділігін бағалау. Қоршаған ортаның антропогендік ластануы және оны шешудегі географияның рөлі. Қоршаған ортаға әсерді бағалау және экологиялық-географиялық аудандастыру. Экология және табиғатты пайдалану экономикасы. География халық, әлемдік қалалардың қалыптасуы мен дамуы. Саяси географияның негіздері және геосаяси процестердің дамуы.</i></p> <p><i>Әлемдік шаруашылықтың кеңістіктік құрылымының эволюциясы мен ерекшеліктері. Қазіргі шаруашылықтың секторалдық және салалық құрылымы. Өндірістің техникалық-экономикалық негіздері және әртүрлі сала кәсіпорындарын орналастыру моделі. Экономиканың постиндустриялық модельдері.</i></p> <p><i>Негізгі принциптер мен факторлар маңызды салааралық кешендерді, өнеркәсіп салаларын, инфрақұрылымды, ауыл шаруашылығы мен қызмет көрсету салаларын орналастыру. Жаһандану жағдайындағы трансұлттық компаниялардың қызметі. Экономикалық интеграцияның географиялық аспектілері. Қолданбалы экономикалық география және аумақтық жоспарлау. ЭӘСГ дамуының әлемдік тенденциялары және перспективалары.</i></p>	
3. 3/1	<p align="center"><b>Қазіргі дүние географиясы</b></p> <p>Кіріспе. Пәннің мақсаты мен міндеттері. Жаңа үрдістер мен олардың даму заңдылықтары тұрғысынан қазіргі әлем елдерінің алуан түрлілігі. Қазіргі әлем елдерінің типологиясы және мемлекеттердің әртүрлі топтары арасындағы арақатынастың өзгеруі. Қазіргі әлемдегі дамушы елдердің орны. Дамушы елдердің сипаты мен мәселелері. Артта қалудың мәні, себептері және салдары. Өтпелі экономикасы бар елдер. Әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі тенденциялары мен проблемалары. Қазіргі дүниежүзіндегі постиндустриалды елдердің орны. Дамыған елдердің экономикасындағы негізгі үрдістер. Соғыстан кейінгі әлем: экономикалық халықаралық қатынастардың екі түрі. Батыс пен Шығыстың қарсы тұруы. Қазіргі дүниежүзі географиясындағы халықаралық ұйымдардың рөлі. Интернационализацияның жаңа сапасы және оның қазіргі географиялық әлемдегі көрінісі. Экономикалық интеграция. Посткеңестік кеңістіктегі Интеграция және экономикалық-географиялық талдау. Жаһандану қазіргі әлемдік экономикадағы жетекші үрдіс ретінде. Дүниежүзі аймақтары мен ірі елдер дамуының геосаяси және экономикалық-географиялық ерекшеліктері. Қазіргі заманның жаһандық мәселелері. Жаһандық мәселелер түсінігі. "Солтүстік-Оңтүстік" Мәселесі. Жаһандық болжамдар мен жобалар.</p>	<b>3</b>
3/2	<p align="center"><b>Аудандық жоспарлау негіздері</b></p> <p><i>Кіріспе. Мақсаттары мен міндеттері. Зерттеу объектісі мен пәні. Оның ел экономикасындағы маңызы; аудандық жоспарлауды зерттеудің принциптері мен әдістері. Бас жобаларды, мемлекеттік бағдарламаларды; аудандық жобаларды талдау; аудандық жоспарлаудағы экономикалық-географиялық зерттеулер; ауданның жоспарлау тұжырымдамаларының негіздері; ірі қалалық агломерацияларды аудандық жоспарлау; өндіру және қайта өңдеу өнеркәсібі бар аудандарды аудандық жоспарлау. Аудандық жоспарлау-перспективалық жоспарлаудың негіздері мен әдіснамасы. Қазақстан мен ТМД-да географиялық, экономикалық, сәулет-құрылыс және инженерлік-техникалық факторларды және</i></p>	



	<p>жоспарлауды есепке ала отырып, аудан аумағын тиімді ұйымдастырудың теориясы мен тәжірибесі.</p> <p>Географиялық жағдайдың аудандық жоспарлауға әсері, аудандық жоспарлаудағы негізгі экономикалық-географиялық тәсілдер; аудандық жоспарлау күрделі динамикалық басқару жүйесі ретінде.</p> <p>Жоспарлау негізі ретінде болжау. Болжамдау түрлері: экономикалық, географиялық, әлеуметтік. Аудандық жоспарлау және аудандастыру. Экономикалық және табиғи-шаруашылық аудандастыру, ғылыми негіз, аудандық жоспарлаудағы шекараларды анықтау, аймақтар мен елдер бойынша әлем халқының қалыптасу тарихы. Аумақты кешенді инженерлік-стратегиялық және жоспарлы талдау, алаңдардың конфигурациясы мен өлшемдері.</p>	
4. 4/1	<p style="text-align: center;"><b>Археология</b></p> <p>Палеолит, мезолит дәуірінің археологиялық ескерткіштері. Неолит және энеолит дәуірінің археологиялық мәдениеті.</p> <p>Тас ғасыры. Археологиялық және геологиялық кезеңдеу. Антропогенез. Палеолит өнері. Қола ғасыры. Қола дәуірі.</p> <p>Ерте темір ғасыры. Скиф-сармат мәдениеті. Қара теңіздің солтүстік жағалауындағы ежелгі қалалар мен мемлекеттер. Ресейдің орманды дала алқаптарындағы ерте темір ғасыры. Орта Азияның ерте темір ғасыры. Қазақстан аумағындағы ерте темір дәуірі.</p> <p>Орта ғасырларда Азия. Түркі-қыпшақтардың археологиялық ескерткіштері. Қазақстанның ортағасырлық археологиясы.</p>	<b>3</b>
4/2	<p style="text-align: center;"><b>Тарих пәнінен сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру</b></p> <p>Қазіргі жағдайда тарих пәнінен сыныптан тыс жұмыстың мақсаты мен міндеттері. Сыныптан тыс жұмыстағы бағыттар: білім беру-тәрбиелік маңызы бар Тарих бойынша мектеп курсы мазмұнының негізгі мәселелерін тереңдету; практикалық жұмыстарды жүргізу кезінде, сыныпта әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеу кезінде, ДК пайдалану кезінде зерттеу сипатындағы іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыру.</p> <p>Сыныптан тыс жұмыстың жүйелі формалары. Сыныптан тыс жұмыстың эпизодтық формалары. Мектепте тарихи үйірменің жұмысын ұйымдастыру. Тарих әуесқойлары клубы. Мұражайлар. Тарихи олимпиадалар. Тарих апталығы. Тарих бойынша тақырыптық кештер.</p> <p>Тарих бойынша сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру әдістері. Мұражайларға саяхат. Тарих бойынша оқу және арнайы әдебиеттермен жұмыс. Рефераттар мен баяндамалар дайындау. Газеттер мен стендтер шығару. Ойын қызметі: кештер, олимпиадалар, викториналар, Квн және т. б.</p>	
<b>5.</b>	<b>Ежелгі және ортағасырлық Қазақстан тарихы</b>	<b>5</b>

5/1	<p>Қазақстан (ҚР) – Еуразия аумағында адамның ежелгі қоныстандыру аймағы. ҚР аумағындағы палеолит, мезолит, неолит және энеолит дәуірінің археологиялық ескерткіштері. "Неолит революциясы"термині. Тарихқа дейінгі адам мәдениеті. Қола дәуірінің мәдениеттерінің таралу аймағы және шығу мәселесі. Ерте темір дәуірінің тайпалары. Саяси тарих және сақ тайпаларының қоғамдық құрылымы. Өнер. Хунну империясының саяси тарихы. Әскери-аттестаттау жүйесі. "Халықтардың ұлы қоныс аударуы".</p> <p>ҚР аумағындағы үйсін ерте мемлекеттік бірлестігі. Қоғамдық құрылым, мәдениет. Қаңлы мемлекеті, шығу тегі және этникалық тарихы. ҚР аумағындағы ерте мемлекеттік құрылымдардың қоғамдық-мемлекеттік құрылымының ерекшеліктері мен формалары. Ерте ортағасырлық мемлекеттер (VI-X ғғ.). Түркі қағанаты. Түргештер. Қарлұқтар. Оғыздар. Қиматар. Қазақстанның экономикалық және мәдени өмірі VI-X ғғ.</p> <p>XI-XIII ғғ.басындағы Қазақстан экономикасы мен мәдениетінің дамуы. Қазақстан ұлы Ұлыс құрамында. Моғолстан XIV ғасырдың ортасында-XVI ғасырдың басында көшпелі өзбек мемлекеті. Ноғай Ордасы және Батыс Сібір. XIII - XVII ғғ. Қазақстанның ортағасырлық мемлекеттерінің экономикасы мен мәдениеті.</p> <p>Қазақ хандығының құрылуы. Қазақ халқының қалыптасуының негізгі кезеңдері. Қазақ хандығы мен оның аумағының көтерілісі. XVI ғ. 2-ші жартысындағы қазақ хандығы XVII ғ. Қазақ хандығы, Қазақ хандығының қоғамдық құрылымы. Экономикасы. Қазақ хандығының XVII ғғ екінші жартысындағы қалалары. XV-XVII ғғ екінші жартысындағы Қазақстанның Рухани және материалдық мәдениеті.</p>	
5/2	<p style="text-align: center;"><b>Түркі халықтарының тарихы</b></p> <p><i>Проттүркілер: хунну (сюнну, гұндар) тарихы Этнос және "түркі"этнонимі. Қазақстан аумағындағы ерте мемлекеттік білім: Қаңлы, Үйсін. Яньцай (Аланья).Еуропадағы гұндар. Ерте және кеш ортағасырлық түркі мемлекеттері. Моңғол империясы құрамындағы түркі халықтары. Түркияның ежелгі және ортағасырлық тарихы (Осман империясы). Қырым, Қазан, Астрахан хандығы. Қырғыздар, қарақалтақтар және ұйғырлар XV-XX ғғ. жаңа тәуелсіз түрік мемлекеттері</i></p>	
6. 6/1	<p style="text-align: center;"><b>Қазақстан тарихының тарихнамасы мен деректері</b></p> <p>Қазақстанның ежелгі және ортағасырлық тарихының тарихнамасы. Қазақстан тарихының тарихнамалық дәстүрі (XVII-XIII ғғ.). XIX ғасырдағы тарихи ойдың дамуы. Кеңестік тоталитарлық жүйе кезеңіндегі Қазақстанның тарихи ғылымы. Тәуелсіз Қазақстанның тарихнамасы. Деректанудың негізгі ұғымдары мен анықтамалары. Тарихи деректерді жіктеу және жүйелеу. Тарихи дереккөздерді сыни талдаудың негізгі принциптері мен әдістері. Көздерді сынау, оның негізгі міндеттері. Отандық тарих бойынша деректер. Ежелгі кезеңнің көздері. Нарративті көздер. Жаңа кезеңдегі Қазақстан тарихы (XVIII ғ.басы). Кеңес дәуірінің тарихы (1917-1980 жж.).</p>	3
6/2	<p style="text-align: center;"><b>Шет елдер тарихының тарихнамасы және деректері</b></p> <p><i>Тарихнаманың теориялық аспектілері. Шет елдердің жаңа тарихының тарихнамасы. Шет елдердің қазіргі заман тарихының тарихнамасы Кеңес өкіметі тарихнамасы. Деректану тарих ғылымының пәні ретінде. Деректану тарихы: ғылымның классикалық моделіндегі деректану. Ғылымның неоклассикалық моделіндегі деректану; деректану теориясы: тарихи дерек: ұғымның анықтамасы. Тарихи деректерді жіктеу; деректану объектісі: тарихи дерекнама – Тарихи деректер түрлерінің жүйесі – Тарихи әлемнің эмпирикалық шынайылығы. Компаративті деректану әдісі ретінде салыстырмалы-тарихи зерттеу. Деректанулық зерттеу. Тарихи дерек дәстүрлі тәжірибелері.</i></p>	
7.	<p style="text-align: center;"><b>Картография топография негіздерімен</b></p>	3

7/1	<p>Картографияның мәні мен құрылымы. Картография ғылым жүйесіндегі. Карта: термин және анықтама. Географиялық карта элементтері. Карталарды жіктеу. Карталардың түрлері мен типтері. Географиялық карталардың қасиеттері. Карталардың математикалық негізі. Геодезиялық негіз, масштаб, картографиялық проекциялар және картографиялық торлар. Карталардағы бұрмалау және олардың түрлері. Картографиялық бейнелеу әдістері. Жалпы географиялық карталар. Картографиялық генерализация. Генерализацияның мәні мен түрлері.</p> <p>Картографиялық шығармалар жүйесі. Географиялық атластар. Тақырыптық карталар. Мектеп картографиялық туындыларының жүйесі. Карталарды пайдалану. Зерттеудің картографиялық әдісі. Карталарды жасау. Ірі масштабты карталарды жасау әдістері. Жергілікті жерді түсіру. Шағын масштабты карталарды құру әдістері. Геоақпараттық картографиялау.</p>	
7/2	<p style="text-align: center;"><b>Картографиялық зерттеу әдістері</b></p> <p><i>Картографиялық зерттеулердің әдістері мен әдістемесі. Негізгі әдістер. Карталарды оларда бейнеленген құбылыстарды тану үшін пайдалану мәселелерін зерттейтін картографиялық әдіс. Визуалды талдау, картаға бейнелі-таңбалы модель ретінде негізделген карталар бойынша зерттеу қабылдау. Картометриялық зерттеулер алынған нәтижелердің дәлдігін бағалай отырып, құбылыстардың сандық сипаттамаларының карталары бойынша өлшеуден және есептеуден тұрады. Координаттарды, қашықтықтарды, ұзындықтарды, биіктіктерді, аудандарды, көлемдерді, бұрыштарды және азимуттарды, еңістерді және басқа да топографиялық сипаттамаларды анықтау. Морфометриялық есептеулер, объектілердің формалары мен құрылымын, олардың кескіндерінің жалпы сипатын, созылуын, бұрмалануын, қисықтығын, бөлшектелуін және т.б. зерттеу, сондай-ақ құбылыстардың тығыздығын, таралуын және өзара байланысын Статистикалық талдау. Графикалық талдау, құбылыстарды географиялық карталар бойынша орындалатын графикалық құрылыстардың көмегімен зерттеу. Карталарды бірге пайдалану және қайта өңдеу. Картографиялық әдісті ғылыми зерттеулерде қолдану. Мектептегі картографиялық зерттеу әдісі.</i></p>	
8.8/1	<p style="text-align: center;"><b>ГАЗ-ға кіріспе</b></p> <p>Оқу үдерісіндегі ГАЗ рөлі мен орны (география сабақтарында, ашық сабақтарда, жорықтарда). География бойынша қолданбалы бағдарламалар. География бойынша оқу және ойын бағдарламалары. География сабақтарында мультимедиялық өнімді қолдану. География бойынша кешендер. География бойынша оқыту бағдарламалары. География бойынша оқыту бағдарламаларын қолдану. Қазіргі сабақты белсенді түрде өткізуді қамтамасыз ететін бағдарламалармен жұмыстың негізгі принциптері.</p>	3
8/2	<p style="text-align: center;"><b>Геоақпараттық жүйелер технологиясы</b></p> <p>Геоақпараттық жүйелер түсінігі. Геоақпараттық жүйелер технологиясы. Геоақпараттық жүйелер мен ГАЗ-технологиялардың дамуының қысқаша тарихы. ГАЗ-технологияларды салалық пайдалану, ГАЗ-технологияларды қолдану мысалдары:</p>	
9.9/1	<p style="text-align: center;"><b>Табиғатты пайдалану және геоэкология</b></p> <p>Табиғатты қорғау ұғымы. Табиғат қорғау қызметінің бағыттары. Табиғатты тиімді пайдалану принциптері. Аз және қалдықсыз технологиялар. Ерекше қорғалатын аумақтар. Қазақстанның табиғи ортасының экологиялық қасиеттері. Қазақстанның геоэкологиялық аудандастыру. Антропогенез және Қазақстанның қоршаған ортасы. Қоршаған орта және табиғи ресурстар.</p>	3
9/2	<p style="text-align: center;"><b>Табиғи ресурстар географиясы</b></p> <p>Кіріспе. Табиғи жағдайлар мен ресурстар. Табиғи ресурстарды жіктеу. Су ресурстары. Жер ресурстары. Биологиялық (орман) ресурстар. Минералдық-шикізат және энергетикалық ресурстар. Әлемдік мұхит ресурстары. Климаттық және ресурстардың басқа түрлері.</p>	

	Әлемдік шаруашылықтың табиғи-ресурстық әлеуеті. Табиғи ресурстар және экономикалық даму. Табиғат пайдалануды мемлекеттік басқару.	
<b>10.</b> 10/1	<p align="center"><b>Батыс өркениетінің жаңа және қазіргі заман тарихы</b></p> <p>Еуропа: жаңа уақытқа көшу. Ұлы географиялық жаңалықтардың салдары. Индустриялық қоғамның отаршылдық жүйесі. Солтүстік-америкалық буржуазиялық революция XVIII ғ. АҚШ. Еуропадағы абсолюттік ағартушылық. Париж коммунасы 1871 ж.реформа. Отыз жылдық соғыс және оның Германия үшін салдары.Германия мен Италияның бірлестігі. АҚШ - тағы азаматтық соғыс. Англиядағы өнеркәсіптік төңкеріс және оның кезеңдері. Франция, Германия, Ұлыбритания, АҚШ-тың әлеуметтік-экономикалық дамуы. Индустриялық өркениетті қалыптастыру. Еуропалық державалардың отарлық жүйесі. Себептері мен сипаты Бірінші дүниежүзілік соғыс.</p> <p>Ресей XVII-XVIII ғғ. I Петр реформасы. Ресейдегі бекініс құқығының күшін жою және XIX ғ. 60-70 жж. реформалары.</p> <p>1918-1945 жылдары Еуропа және Америка елдері. Әлемдік соғыстан кейінгі халықаралық қатынастар. Ресей және Кеңес мемлекеті (1918-1920 жж.). Латын Америкасы елдері. Екінші дүниежүзілік соғыстың себептері мен салдары. Фашизм. Соғыстан кейінгі қайта құру және қырғи қабақ соғыс кезеңіндегі Еуропа мен Америка елдері. (XX ғ. 50-ші жылдары). КСРО-ның қоғамдық-саяси дамуы. Қайта құру және КСРО. ТМД жариялау. КСРО ыдырауының геосаяси салдары.</p>	<b>3</b>
10/2	<p align="center"><b>Қазіргі діни қозғалыстар мен табынулар</b></p> <p>Қазіргі діни қозғалыстарды зерттеудің негізгі теориялық аспектілері. Деструктивті діни қозғалыстардың ерекшеліктері. Антикультпен қозғалыс. Жаңа діни қозғалыстардың неохристиандық бағыты. Қазіргі діни қозғалыстардың ислам бағыты емес. Жаңа діни қозғалыстардың бағдарсыз бағыты. Қазіргі діни қозғалыстардың синтетикалық (синкреттік) бағыты. Қазіргі діни қозғалыстар. Қазіргі шайтанға табынушылары.</p>	

Авторы-составители: доцент, к.п.н. – Увалиев Т.О.;  
старший преподаватель – Абулгазиев А.У.